

Сабақ тақырыбы: Сын есім.

- Хош келдіңдер, балалар!
- Оқуға құмар, даралар!
- Сабағымызды бастайық,
- Маған назар салыңдар.



Ашық сабақ.

- Сабақ тақырыбы:Сын есім.
- Дайындаған:Ю.Моминова.
- 2012-2013 оқу жылы.

- Оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру мақсатында Е.И. Пассовтың коммуникативтік оқыту әдістерін пайдаланамын.
Әдістің негізін құрайтын қағидалар:

1. Оқушының сөйлеу бағытын анықтау.
2. Адамның жеке басының ерекшелігін ескеру.
3. Орта жағдайын ескеру.
4. Сөйлеу дағдысын жаңарту.

Жоғарыдағы пікірлерді ескере отырып, баланың ауызша тілін дамытуда мына қағидаларды басшылыққа аламын.

- 1.Тіке байланыс қағидасы.

Яғни оқушы оқу кабинетіне кіргеннен қазақ тілінде сөйлейді, жүздеседі.

Сабак үстінде ребустар, анограммалар, жұмбақтар шешіп, мақал – мәтелдер, жаңылтпаштар айтады, тағы да басқа қосымша материалдар беріледі.

2. Адамның жеке қабілетін ескеру.
- 3.Сөйлеуге үйрету.

Суретпен жұмыс істеймін, диалог, сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс, яғни деңгейлеп саралап оқыту технологиясы іске қосылады.

Деңгейлеп оқыту.

- Ж. Караевтың «Деңгейлеп оқыту» технологиясының маңыздылығы зор.

Деңгейлеп оқытуда күтілетін нәтиже:

Алдына қойған мақсатына жете алатын оқушы тәрбиелеу;

Әр оқушы өз білім деңгейін, мүмкіндігін, іскерлігін біліп қана қоймай, оны дамыту;

Өз бетімен ізденіс дағдыларын, іскерлік қабілетін жетілдіретін шығармашылық тұлға қалыптастыру;


Деңгеймен оқытудың ерекшелігі:

1. Таланттылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады.
2. Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.
3. Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.


- Сол әдістің ерекшелігін ескере отырып, сабақ барысында қолдап қана қалмай үйге тапсырмаларды беруде де сол әдістен пайдаланамын. Оның тиімділігі өз қабілетіне қарай берілген тапсырманы әр оқушы қызыға орындайды. Мысалы:
 - 1-деңгей “Қыс” тақырыбына мәтін құрау.
 - 2-деңгей Сол тақырыпта өлең жаттау.
 - 3-деңгей Сол тақырыпта сөйлем құрайды.

- Өміріздің бір тынысы болып кеткен педагогикалық технологиялардың оқыту үрдісіндегі жүйесі-мақсат, мазмұн, әдіс-тәсіл, амал-мол екенін ұмытпаған жөн. Өйткені біріншіден, педагогикалық технология ұстаз шеберлігін ықпал жасаса, екіншіден, шәкірттің ойлау қабілетінің ұштала түсуіне әсері мол. Осындай жаңа педагогикалық технологияны әрбір сабақта, күнделікті тәрбиелік жұмысымызда қолдана білсек, онда болашақ Егеменді еліміздің барыстарын тәрбиелеуде өрен жетістіктерге жетеріміз даусыз.


Билингвал.



Билингвал .



Билингвал.



Сабақтың мақсаты:

- **Білімділік:** оқушылардың оқу, ойлау қабілеттерін арттыру.
- **Дамытушылық:** есте сақтау қабілетін, ой-өрісін, сөйлеу тілін, ойлау, көру, сезіну қабілеттерін дамыту.
- **Тәрбиелік:** өз елін, жерін сүюге, тіл мәдениетіне, тазалыққа тәрбиелеу.



Сабақ көрнекілігі:

- Тірек сызбалар, кестелер, семантикалық карта, суреттер, сөзжұмбақ.

Сабақ әдісі.

- 1 сұрақ-жауап.
- 2 түсіндіру.
- 3 қызығушылығын ояту.
- 4 ой туғызу.

Сабақтың жоспары.

- 1 Ұйымдастыру кезеңі.
- 2 Үйге тапсырманы сұрау.
- 3 Сөзжұмбақ.
- 4 Жаттығумен жұмыс.
- 5 “Мен бастаймын, сен жалғастыр”.
- 6 Сергіту сәті.
- 7 Семантикалық карта.
- 8 Сын есімге зат есім лайықтап жаз.
- 9 “Кім шапшаң” ойыны.
- 10 Билингвал ойыны.
- 11 “Адасқан буындар” ойыны.
- 12 Қорытынды.
- 13 Бағалау.
- 14 Үйге тапсырма.









- Тақтаға назар салайық,
- Сұраққа мұқият қарайық,
- Сөзжұмбақты шешіп бәріміз,
- Сабақ тақырыбын ашайық.











Сын есім.

- Заттың түр- түсін,сын-сипатын,сапасын білдіретін сөз табын сын есім деп аталады.Қандай ?қай? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы:
әдемі,қызыл,үлкен, жақсы, қысқа

Жаттығумен жұмыс.

- Жаттығуларды орындап,
- Білімге-білім қосайық.
- Дамытып ой-өрісті,
- Алға қадам басайық.

2-тапсырма. Түсіп қалған сөздерді қой.

- бала –сүйініш,
- Төбең бір көкке жетеді.
- бала –күйініш,
- Төмендеп басың кетеді.

2-тапсырма. Сөйлемдер ішінен сын есімді тап.

- Аю-жыртқыш аң. Оның сүйкімді қонжықтары секіріп ойнайды. Аюлар көбіне қоңыр, қара, ақ түсті болады.

“Мен бастаймын, сен жалғастыр”.

- 1 Ананың сүті, баланың тілі
- 2 Көз, қол
- 3 Ас иесімен ,
Табағымен
- 4 Бұлттан шыққан күн ,
Жаман кісінің тілі
- 5 киім тәнді жылытар,
..... сөз жанды жылытар.

Сергіту сәті.





Семантикалық карта.

Семантикалық карта

Мысал дар	Зат есім	Сан есім	Сын есім		
Қалам					
Он					
Болат					
әдемі					
бес					
оқушы					

Семантикалық карта

Мысал дар	Зат есім	Сан есім	Сын есім		
тақта					
көркем					
мұғалім					
жеті					
Әсел					
жасыл					

Семантикалық карта

Мысал дар	Зат есім	Сан есім	Сын есім		
үстел					
сөмке					
сұлу					
ТОҒЫЗ					
ҚЫЗЫЛ					

4 - сәт

*"Сын есімге зат есім
лайықтап жаз"*

шипалы

ат

дәмді

бала

жүйрік

киім

қу

түлкі

әдепті

тамақ

жаңа

қымыз

“Кім шапшаң” ойыны.

Тамақ



Үй




“Кім шапшан”

● Түлкі



Көйлек



“Адасқан буындар” ойыны.

- зықыл ренет
- сылжа алда
- асуж анжу
- ыңқал кімйүсді
- сақжұм гедөңкел

Тәуелсіздікке 21 жыл.



Өлеңдер.

- Бас білгізіп тарпыған тарпанға,
- Жасы тұрмақ шығады қарты аңға
- Қалай оның Елтаңбасы бодмайды
- Түлігіне дейін салса ел таңба
- Енді бүгін өлген туым тірілді
- Әнұраным жалғап алды ғұмырды
- Босағада қалып кеткен Елтаңбам
- Баяғыша төріме кеп ілінді.

Мақал-мәтелдер.

- 1 Отан –оттанда ыстық.
- 2 Еліңді сүйсең-ерлік істейсің
- 3 Туған жердің күні де ыстық
Түні де ыстық
- 4 Туған жердей жер болмас
Туған елдей ел болмас.



Үйге тапсырма.

- Сын есім қатыстырып сөйлем құрап келу.



Назарларыңызға
рахмет

